


ОҢТУСТІК АМЕРИКА





**Оңтүстік Америка –
Жер шарындағы ең
ылғалды және ең
жасыл материк**


**Ауданы – 18,3 млн шаршы
шақырым, ауданы
жөнінен 4 орын алады.
Материк атауы Америго
Веспуччидің құрметіне
аталған**





1492 ж. Христофор Колумб

Америка құрлығына бірінші болып келді және 4 рет саяхат жасады, бірақ ол Үндістанға баратын жолды таптым деп есептеп, бұл жердің халқын үндістер деп атап кетті



1501–1502 ж. Америго Веспуччи Бразилия жағалауларын зерттеп, жаңа материк екенін дәлелдеді. Материктің аты осыдан шыққан.



1519–1522 ж. Фернан Магеллан дүние жүзін айналған саяхатында Оңтүстік Американың оңтүстігіндегі бұғаз арқылы өтті (қазіргі Магеллан бұғазы)



1513 ж. Васко Нуньес де Бальбоа Панама мойнағынан өтіп, алғаш рет Тынық мұхитына шықты.



1799–1804 жж. Александр Гумбольдт пен Эме Бонплан мыңдаған өсімдік пен жануар түрлерін сипаттап, биік таулардағы биіктік белдеулер заңдылығын анықтады.



1920–1930 ж Николай Иванович Вавилов Анды таулары мен Амазонка аймағын зерттеп, картоп, жүгері, қызанақтың отаны Оңтүстік Америка екенін дәлелдеді



КОНДОР



КОЛИБРИ



САУЫТТЫ АҢ
(АРМАДИ)



ПИТОН



ПУМА



КАПИБАРА



ҚҰМЫРСҚА
ЖЕГІШ



АЛЬПАКА



ЯГУАР



ШИНШИЛЛА



ГУАНАКО

СЕН КӨРУГЕ ТИІС ЖЕРЛЕР



шөлдiң қолы



христостың мүсіні



КАРНАВАЛ



МАЧУ-ПИКЧУ



Анхель сарқырамасы



Маракана стадионы
(Марио Фильо)

***Колумбия алтын мен жақұтқа өте бай, Богота қаласындағы мұражайда алтыннан жасалған 25 мың ежелгі бұйым сақталған**

***Боливиядағы Ла-Пас қаласы теңіз деңгейінен ең биік орналасқан қала**

***Эквадорда әрекет етуші 30 жанартау бар және ел банан өсіруден жетекші**



•Бразилия – кофе, қант құрағы, соя өндіруде жетекші ел.

•Чили – мыс өндірісінің әлемдік көшбасшысы және әлемдегі ең ұзын ел

•Венесуэла – мұнайға бай ел.

•Аргентина – ет, бидай экспортымен әйгілі.

БІЛГЕНІҢ ЖӨН:

**Анхель сарқырамасы –
Жер шарындағы ең биік
сарқырама, биіктігі 1054 м**

**Анд таулары –
ең ұзын тау жүйесі**

**Жер шарындағы ең суы
мол Амазонка өзенінде
ең жыртқыш пиранья
балығы, 12 метрге
жететін анаконда,
4 метр болатын
арапайма балығы,
электрлі жыланбалық
мекендейді**

**Оңтүстік
Америкада
белсенді
жанартаулар
көп**



